

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы N 173 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 1261 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 391 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 391 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы N 173 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 8, 89-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету ережесінде:
мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Жергілікті атқарушы органдар оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сатып алу мен жеткізуді ұйымдастырады, оның ішінде жалпы орта білім беретін мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханаларын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы ұсынған барлық оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың міндетті данасымен қамтамасыз етеді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі